

## «Анестезиология және реаниматология» комитетінің отырысы

### Хаттама №1

Күні: 20.04.2026ж.

Сағат: 15:00.

Өткізілген түрі: онлайн, zoom.

#### Күн тәртібінде қарастырылатын сұрақ:

1. «Трансфузиология» мамандығы бойынша сертификаттау курсы талқылау.

#### Қатысқан комитет мүшелері:

**Төраға:** Чурсин В.В., С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, №2 анестезиология және реаниматология кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент.

**Төраға орынбасары:** Сепбаева А.Д., С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, балалар анестезиологиясы және қарқынды терапиясы кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.д.

**Хатшы:** Ермекбай А.А., С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, №1 анестезиология және реаниматология кафедрасының ассистенті.

**Комитет мүшелері:** Сүйеубеков Бекзат Еркінбекұлы, Адилбеков Ерболат Алимсакович, Саркулова Жансулу Нукиновна, Васильев Дмитрий Владимирович, Алимханова Гульшат Нурмуратовна, Бердалина Гульнара Садырбековна, Малтабарова Нурила Амангалиевна, Мамыров Ернар Даулетович, Конкаев Айдос Кабибулатович, Аблатаева Рашида Бахадуровна, Илялетдинов Ильдар Дамирович.

Жиналысқа комитет мүшелері барлығы қатысты.

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК ұсынған «Трансфузиология» мамандығы бойынша сертификаттау курсының бағдарламасы қарастырылды.

Бағдарлама мазмұны жан-жақты талқыланып, оның қазіргі заман талаптарына толық сәйкес келетіні атап өтілді. Курстың құрылымы жүйелі түрде жасақталған, онда бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін оқу нәтижелері нақты әрі толық көрсетілген.

Бағдарлама трансфузиология саласындағы мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған, заманауи технологиялар мен әдістерді қамтиды, сондай-ақ қан қызметін ұйымдастыру, қауіпсіздік пен сапаны қамтамасыз ету мәселелерін толық қамтиды.

Комитет мүшелері аталған бағдарламаның өзектілігін, практикалық маңыздылығын және жоғары деңгейде әзірленгенін ерекше атап өтті. Жалпы алғанда, бағдарлама мазмұны сапалы, мазмұнды және кәсіби тұрғыдан жоғары деңгейде дайындалғаны айтылды.

Бағдарлама бойынша сараптама актілері ұсынылды:

- Аяпов Е. ұсынған сараптама актісі;
- Адилбеков Е.А. ұсынған сараптама актісі.

Сонымен қатар, аталған бағдарлама «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК Ғылыми кеңесінің отырысында қарастырылып, бекітілгені атап өтілді.

**ШЕШІМ:**

«Трансфузиология» мамандығы бойынша сертификаттау курсының бағдарламасы мақұлданды.

**ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕСІ:**

Қолдады – бірауыздан.

Қарсы болғандар – жоқ.

Төраға

Чурсин В.В.

Хатшы

Ермекбай А.А.